

"Қазақмарганец" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін сату туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 14 тамыздағы N 1008. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Заң күші бар Жарлығына сәйкес, қара металлургияны жедел дамыту мен "Қазақмарганец" акционерлік қоғамын қайта жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті ұсынған "Қазақмарганец" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін жекешелендіру жоспарына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақмарганец" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін (80 процентін) сату үшін қабылдау-өткізу акті бойынша Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне б е р с і н .

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақмарганец" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін сату жөнінде ашық тендер ұйымдастырсын және өткізсін.

4. Министрліктер мен ведомстволар, Жезқазған облысының әкімі Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Қазақмарганец" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін жекешелендіру жоспарын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық шараларды жү р г і з с і н .

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г.Штойкке жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі